

СИЛЛАБУС
«Кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы
6В10120 - «Терапия» білім беру бағдарламасы

1. Пән туралы жалпы мағлұмат			
1.1	Пән коды: - Каг 6303	1.6	Оқу жылы: 2025 - 2026
1.2	Пән атауы: Кардиология	1.7	Курс: 6
1.3	Реквизитке дейінгі: ішкі аурулар 1, ішкі аурулар 2	1.8	Семестр: 11,12
1.4	Реквизиттен кейінгі: резидентура	1.9	Кредит саны (ECTS): 7
1.5	Циклі: КП	1.10	Компоненті: МК
2. Пәннің мазмұны (50 сөзден көп емес)			
Ересектерде жиі таралған кардиологиялық патологиялардың амбулаторлық кезеңдегі диагностикасы, сараланған диагностикасы, науқастарды динамикалық бақылау; қан айналу жүйесі патологиялық күйлерінің даму механизмдері; визуализациялық және лабораторлық зерттеу әдістері деректерін интерпретациялау; АГ және СЖЖ бойынша ауруларды басқару бағдарламасы; кардиологиядағы заманауи фармакотерапия; ауруханаға жатқызу көрсеткіштері; ересек жастағы кардиологиялық науқастарға жедел және шұғыл медициналық көмек; медициналық әлеуметтік сараптама; коммуникативтік дағдылар бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастырады.			
3. Жиынтық бағалау түрі			
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша +	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау +	3.8	Басқа (көрсету)
4. Пәннің мақсаттары			
Дәлелді медицина қағидаттарына және емдеу-диагностикалық, фармацевтикалық технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкес алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесінде кардиологиялық науқастарға профилактикалық, диагностикалық, емдік және оңалту іс-шараларын өз бетінше жүргізу үшін қажетті білім, біліктілік және практикалық дағдыларды меңгерген терапевт дәрігерін даярлау.			
5. Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)			
ОН1	Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектердің ең көп таралған жүрек ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алу бойынша білімдерін көрсетеді		
ОН 2	Клиникалық диагноз қою үшін зерттеу жоспарын әзірлейді және зертханалық-аспаптық зерттеулердің нәтижелерін бағалайды		
ОН 3	Кардиологиялық науқастарды емдеу, алдын алу, оңалту жоспарын әзірлеу дағдыларын қолданады және фармакокинетикасы мен медициналық көмек көрсету стандарттарына, клиникалық ұсынымдарға сәйкес әртүрлі топтағы препараттардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, дәрілік препараттарды таңдауды негіздейді		
ОН 4	Ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету кезінде шешім қабылдайды		
ОН5	АГ және ХСН бойынша ауруларды басқару бағдарламасы шеңберінде пациенттердің жай-күйін кешенді бағалау және динамикалық бақылау кезінде пациенттермен, олардың отбасы мүшелерімен және әріптестерімен тиімді өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын қолданады, кардиологиялық науқастардың еңбекке қабілеттілігін және жұмысқа жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалтуға сараптама жүргізуге қатысады.		
ОН6	Медициналық ақпаратты талдау, оқыту және клиникалық тәжірибені жетілдіру үшін заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын (соның ішінде шешімдерді қолдау жүйелері мен ChatGPT) қолданады, Денсаулық сақтауда ақпараттық технологияларды қолдануға қабілетті, заңнамалық және нормативтік		

	талаптарға сәйкес медициналық құжаттаманы жүргізу дағдыларын қолданады, аналитикалық және зерттеушілік тәсілдерді қолдана отырып клиникалық талқылауларға және пәнаралық консилиумдарға қатысады.					
5.1	Пәннің ОН		Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері			
	ОН 1	ОН 1 Шағымдары мен анамнез жинауды, физикальді тексеруді жүргізеді, симптомдар мен синдромдарды талдайды, негізгі клиникалық синдромдарды және синдромдары ұқсас аурулар тобын бөледі, болжам диагнозды құрастырады				
	ОН 2	ОН2 Диагностикалық зерттеудің жеке жоспарын құрастырады, зертханалық-аспаптық зерттеу нәтижелерін талдайды, жиі таралған терапиялық аурулардың диагностикасын және дифференциальді диагностикасын жүргізеді, клиникалық ойлау мен дәлелді медицина принциптеріне сүйене отырып клиникалық диагноз құрастырады.				
	ОН 3	ОН 3 Емдеудің жеке жоспарын құрастырады, стандарттар мен клиникалық хаттамаларға сәйкес фармакотерапияны дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі мен қарсы көрсетілімдерін ескере отырып тиімді тағайындайды, динамикалық бақылау жүргізеді, науқасты бағыттауға және еміне түзетулер енгізеді				
	ОН 4	ОН 4 Жедел жағдайларда, өмірге қауіп төндіретін күйлерде, сонымен қатар, шектеулі ресурстар жағдайында (санитарлық және авиациялық медицинаны бірге қарастыра отырып), шұғыл медициналық көмек көрсетеді, уақытылы ауруханаға жатқызуды ұйымдастырады.				
	ОН 5	ОН 5 Пациентпен, оның ішінде, мүмкіншіліктері шектеулі пациентпен, тиімді байланыс жасайды, сенімділік қарым-қатынас қалыптастырады, инклюзивті және пациентке бағытталған тәсілді қолданады, ем қабылдауға және салауатты өмір сүруге ынтасын арттырады.				
	ОН1 ОН3	ОН6 Созылмалы ауруларды ерте анықтау мен профилактикасын, санитарлық-ағарту, соның ішінде, инклюзивтік денсаулық сақтау және медициналық көмекке тең қолжетімділік сұрақтары бойынша жұмыстарды жүзеге асырады.				
	ОН6	ОН 7 Медициналық құжаттарды (соның ішінде тәлімгердің бақылауымен, электронды құжаттарды) жүргізеді, қазіргі заманауи сандық технологияларды және жасанды интеллект элементтерін қолданады; аналитикалық және зерттеушілік тәсілдерді қолдана отырып клиникалық талқылауларға және пәнаралық консилиумдарға қатысады. ОН8 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау аймағына қатысты құқықтық және ұйымдастырушылық құжаттар аясында жұмыс жасайды, нормативтік құжаттарды және терапевттің медициналық көмек көрсетудің әртүрлі деңгейлеріндегі қызмет істеу принциптерін біледі, дәлелді медицина принциптерін қолданады және кәсіби даму мен ұжым мүшелерін оқытуға қатысады.				
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Кафедраның орналасқан жері: Шымкент қаласы, Аскарова 26а ШЖҚММК- дағы № 13 –ҚЕ, Шымкент қаласы, 4 мкр., Балапан-ата 22/1, «Ай-нұры» медицина орталығы, Шымкент қаласы, Байтурсынова 2 ШЖҚММК- дағы № 8 –ҚЕ, Шымкент қаласы, Тауке хан 35 ШЖҚММК- дағы № 1 –ҚЕ Электронный адрес: femmed_skma@mail.ru Оқыту және/немесе техникалық қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда сайттың басты бетіндегі «ОҚМА» АҚ сайтының CALL-Center, Helpdesk бөлімінде көрсетілген телефондар және/немесе электрондық пошта арқылы хабарласа аласыздар.					
6.2	Сағаттар саны	Дәріс	Тәжір.сабақ	Зертх. сабақ	БӨЖ	ОБӨЖ
		-	70	-	21	119-21 = 98
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер					
№	ТАЖ	Дәрежесі және лауазымы		Электрондық адрес		

1	Бектибаева Назипа Шакмановна	М.ғ.к., доцент	Bnsh64@mail.ru			
2	Аташова К.К.	Ассистент				
8.	Тақырыптық жоспар					
Апта/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының формасы/әдістері	Бағалау әдістері/формалары
1	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Жүрек-қан айналу жүйесі аурулары бойынша тәуекел топтарын анықтаудың және амбулаториялық, стационарды алмастыратын жағдайларда кардиологиялық науқастарды жүргізудің жалпы қағидаттары.	Халықтың нысаналы топтарын скринингтік профилактикалық медициналық қарап-тексеру, кейіннен сауықтыру және ЖОО шеңберінде динамикалық бақылау. ЖҚА бар пациенттерге стационарды алмастыратын көмек көрсету. ССС патологиясы бар науқастың жалпы функционалдық жағдайын анықтау, уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздықты сараптау. Медициналық-әлеуметтік сараптама, науқастарды медициналық оңалту. Кардиологиялық науқастарды оңалту құралдары мен әдістері.	ОН 3 ОН 5	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау

<p>ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Жүрек-қан тамырлар асқынулары бойынша қауіп деңгейін бағалау</p>	<p>Скринингтік жүрек бағдарламалары. Қан айналымы органдарының сирек кездесетін ауруларының болуы туралы болжам. Жүрек-қан тамырлары қауіпін бағалау шкалалары. SCORE шкаласы. ҚД, АГ және АЖЖ мектептерінің жұмыстары. АГ және СЖЖ бойынша ауруды басқару бағдарламалары. Медициналық құжаттарды толтыру.</p>	<p>ОН 1 ОН 4 ОН6</p>	<p>1/6</p>	<p>ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL</p>	<p>Критерияльді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды тексеру парағы</p>
---	--	------------------------------	------------	--	---

2	<p>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Атеросклероз.</p>	<p>Атеросклеротикалық түйіннің дестабилизациясы және коронарлық артерия тромбозының даму механизмдері. Кардиологиялық науқасты физикалық тексеру. Атеросклероздың сыртқы белгілері (ксантома, ксантелазма, кәрілік тамыр доғасы, ерте қартаю белгілері). Дислипидемия. Жіктелуі, диагностикасы. Емдеу тактикасы.</p>	<p>ОН 1 ОН 3</p>	4	<p>Науқасты тақырыптық талдау</p>	<p>Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериялды бағалау</p>
	<p>ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Гиполипидемиялық терапия принциптері</p>	<p>Атеросклерозды дәрілік және дәрілік емес емдеудің негізгі принциптері. Гиполипидемиялық препараттардың жіктелуі, салыстырмалы тиімділігі. Гиперлипидемия түріне байланысты гиполипидемиялық препаратты таңдау ерекшеліктері.</p> <p>Медициналық университет студенттеріндегі физикалық белсенділік деңгейі мен липидті профильдің байланысы</p>	<p>ОН 1 ОН 3</p>	2/5	<p>ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу</p> <p>БӨЖ: Жобаға бағытталған оқыту әдісі</p>	<p>Критериялды бағалау</p> <p>Бағалау парағы</p>
3	<p>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Жіті коронарлық синдром</p>	<p>Коронарлық жеткіліксіздік механизмдері және миокардтың ишемиялық зақымдануының салдары. Жедел коронарлық синдромдар үшін жалпы тәжірибе дәрігерінің тактикасы. Ағымның түрлері мен ерекшеліктері, диагностикалық критерийлер, тұрақсыз стенокардияны басқару тактикасы. ST сегментін көтермейтін және ST сегментін көтеретін ОКС: клиника, диагностика (клиникалық, аспаптық және зертханалық), дифференциалды диагностика. Диагностикалық стратегия. Болжам. Асқынулар. Кардиологиялық науқастардың еңбекке қабілеттілігін және кәсіби жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалтуға сараптама жүргізу үшін пациенттердің жай-күйін бағалау. Денсаулық сақтау заңнамасында көзделген медициналық құжаттаманы ресімдеу.</p>	<p>ОН 1 ОН 2</p>	4	<p>Науқасты тақырыптық талдау</p>	<p>Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериялды бағалау</p>
	<p>ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Стационардан ем қабылдап шыққан науқастарды бақылау тактикасы.</p>	<p>Клиникалық хаттамаларға сәйкес жүректің ишемиялық ауруын емдеудің заманауи әдістері. Диагностикалық және емдік араласулардың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. АЖЖ кезінде функционалдық сыныптарды анықтау. Кардиологиялық науқастарды оңалту құралдары мен әдістері.</p>	<p>ОН 1 ОН 3</p>	2/5	<p>ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу</p>	<p>Критериялды бағалау</p>

					БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
4	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Миокард инфарктісін диагностикалау және дифференциалды диагностикалау алгоритмі	Клиникалық жіктеу. Диагностикалық критерий. Ұқсас аурулардан дифференциалды диагностика. Асқынулар. Зертханалық және аспаптық зерттеу әдістері және олардың нәтижелерін түсіндіру. ЭКГ диагностикасы. Реваскуляризацияның жалпы тәсілдері. Алдын алу. Медициналық-әлеуметтік сараптама. Оңалту. Динамикалық бақылау. Медициналық құжаттамаларды толтыру. Болжам. КМАЖ-мен жұмыс. Пациенттермен және әріптестермен тиімді байланыс. Миокардтағы некроздың биомаркерлері және ерекше ЭКГ және ЭхоКГ өзгерістер. Шұғыл көмек (MONA принципі + реперфузия). Реперфузиядан кейінгі дәрілік терапия.	ОН 1 ОН 2 ОН6	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериялды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Стационардан кейінгі кезеңде миокард инфарктімен науқастарды оңалту және қайталама профилактикасы.	Мақсаттары, оңалту кезеңдері: стационарлық, ерте амбулаториялық, ұзақ мерзімді (қолдау, өмір бойы). Тұрақты кернеу стенокардиясының функционалдық кластарын анықтау. Екінші профилактика: өмір салты, дәрі-дәрмек терапиясы, қатар жүретін ауруларды бақылау. МӨС. Пациенттермен тиімді өзара қарым-қатынас.	ОН 1 ОН 3	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериялды бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
5	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Артериялық гипертензия	Қан қысымын көтерудің негізгі механизмдері. Қан қысымының жоғарылау дәрежесі, мақсатты органдардың зақымдану критерийлері, артериялық гипертензияның қауіп факторларының стратификациясы. АГ анықтау бойынша скринингтік зерттеулер және АГ бойынша денсаулықты басқару бағдарламасы. АГ бар науқастарды жүргізу кезінде ЖПД пациенттермен, олардың отбасы мүшелерімен және әріптестерімен тиімді өзара іс-қимыл жасау. АГ-ны емдеудің дәрілік емес және дәрілік әдістері. Қазіргі заманғы гипертензияға қарсы препараттардың	ОН 1 ОН 2	5	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериялды бағалау

	негізгі топтары, оларды қолдануға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер.					
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Зертханалық-аспаптық әдістердің диагностикалық құндылығы	АГ кезіндегі зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің көрсеткіштері мен диагностикалық құндылығы. АГ бар науқастарды зертханалық-аспаптық зерттеудің міндетті әдістері. СМАД. Гемодинамикалық көрсеткіштерді анықтау және бағалау (жүрек индексі, сол жақ қарыншаның шығарылу фракциясы, қан қысымы), мақсатты органдардың зақымдану белгілерін анықтау, жүрек-қан тамырлары қаупін стратификациялау үшін биохимиялық көрсеткіштерді анықтау және науқастарды басқарудың оңтайлы жеке тактикасын таңдау.	ОН 1 ОН 3	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
6	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Кардиомиопатиялар	Клиникалық жіктеу. Гипертрофиялық кардиомиопатия. Миокард гипертрофиясының этиологиясы, патогенезі, ерекшеліктері. КЖӨ тәуекелі бойынша стратификация. Диагностикалық критерийлер. Диагностика әдістері, емдеу ерекшеліктері. Ауру ағымының клиникалық нұсқаларының сипаттамасы. Хирургиялық емдеу әдістеріне көрсеткіштер. Кеңейтілген кардиомиопатия. Этиологиясы, патогенезі. Диагностика, емдеу әдістері. Рестриктивті кардиомиопатия, этиология, патогенез, диагностика, емдеу ерекшеліктері.	ОН 1 ОН 2	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: КМП –н дифференциальді диагностикасы.	"Гипертониялық" жүрек пен гипертрофиялық кардиомиопатияның дифференциалды диагностикасы. "Гипертониялық" жүрек пен дилатациялық кардиомиопатияның дифференциалды диагностикасы.	ОН 2 ОН 5 ОН6	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
7	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Коронарогенді емес кардиалгиялардың	Ревматикалық емес миокардит, перикардит және метаболикалық КМП диагностикалық критерийлері (семіздік, ҚД, тиреотоксикоз, анемия, алкоголизм, менопауза кезіндегі). Перикардит, миокардит және	ОН 1 ОН 2	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау

	дифференциальді диагностикасы.	кардиомиопатиядағы гемодинамиканың бұзылуы. Қызба түрін бағалау-миокард пен эндокардтың қабыну ауруларында. "Барабан таяқшалары", "сағат көзілдірігі" белгілерін анықтау; Лукин, Рот дақтары; Ослер түйіндері; тырнақ астындағы сызықтық геморрагиялар. Зертханалық және аспаптық зерттеу әдістері және зерттеу нәтижелерін түсіндіру. Емдеу. Ауруханаға жатқызу көрсеткіштері. Алдын алу				
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Миокардиттер, перикардиттерді анықтауда қолданылатын диагностикалық әдістер.	Миокардит, перикардит кезіндегі қанның иммунологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру. Миокард пен эндокардтың қабыну ауруларында жедел фазалық көрсеткіштердің зертханалық маркерлерін анықтау. Перикард қуысы мен плевра пункциясы.	ОН 1 ОН 2	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
8	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Инфекциялық эндокардит	Жіктеу. Диагностикалық критерийлер. Диагностикалық алгоритм. ИЭ диагностикасы бойынша еуропалық кардиология қоғамының алгоритмі. Жұқпалы эндокардитті диагностикалау үшін өзгертілген Duke критерийлері. Дифференциалды диагностика. Инфекциялық эндокардит кезінде қанды иммунологиялық және бактериологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру.	ОН 1 ОН 2	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: ИЭ емінің принциптері.	Инфекциялық эндокардитпен науқастарға ауруханадан тыс парентеральды антибиотикалық терапияны тағайындаудың негізділігін анықтайтын критерийлер. Емдеу тиімділігінің көрсеткіштері.	ОН 1 ОН 3	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау

			парағы			
Аралық бақылау 1:			Тестілеу			
9	<p>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Өкпе артериясының тромбоэмболиясы</p>	<p>Өкпе эмболиясындағы гемодинамикалық және вентиляция бұзылыстарының механизмдері. Өкпе эмболиясының диагностикалық критерийі. ӨАТЭ ауырлығын анықтау критерийі. Өкпе артериялық гипертензиясы бар басқа аурулармен ӨАТЭ-сының ұтымды дифференциалды диагностикалау алгоритмі. Ауруханаға дейінгі кезеңде жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету. ӨАТЭ клиникалық болжау ережелері (шкалалары Wells және Женева). D-димерді анықтау. Гемостаз жүйесіндегі бұзылуларды түсіндіру. Өкпе гипертензиясы бар науқастарда ангиопульмонографиялық және өкпе сцинтиграфиясы, сыртқы тыныс алу функциясын зерттеу нәтижелерін бағалау. Емдеу. Алдын алу.</p>	<p>ОН 1 ОН 4</p>	4	<p>Науқасты тақырыптық талдау</p>	<p>Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау</p>
	<p>ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: ӨАТЭ диагностикалық зерттеу әдістері.</p>	<p>Жүректің ишемиялық ауруы кезінде, операция жасалған жүрек ақаулары бар науқастарда гемостаз жүйесіндегі бұзылыстарды түсіндіру (плазманың рекальцификацияның белсенді уақыты РБУ, белсендірілген бөлшекті тромбопластин уақыты, протромбин индексі ПИ, плазма фибриногені, антитромбин III, тромбоциттердің адгезиясы және агрегациясы, тромбин уақыты, Халықаралық қалыпқа келтірілген қатынас). Өкпе гипертензиясы бар науқастарда ангиопульмонографиялық және өкпе сцинтиграфиясы, сыртқы тыныс алу функциясын зерттеу нәтижелерін бағалау.</p>	<p>ОН 1 ОН 2</p>	1/6	<p>ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу</p> <p>БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL</p>	<p>Критериальді бағалау</p> <p>Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы</p>
10	<p>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Жүректің жүре пайда болған ақаулары. Жүректің созылмалы</p>	<p>Жіктеу. Диагностиканың заманауи принциптері. Алдын алу мәселелері. Хирургиялық емдеуге көрсеткіштер. Митральды ақаулар. Гемодинамика. Диагностика. Хирургиялық емдеуге көрсеткіштер. Қолқа ақаулары.</p>	<p>ОН 1 ОН 3</p>	4	<p>Науқасты тақырыптық талдау</p>	<p>Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау</p>

	ревматикалық аурулары.	Даму себептері. Гемодинамика. Диагностика. Емдеу тәсілдері. Хирургиялық емдеуге көрсеткіштер. Жүректің трикуспидті қақпақшасының ақаулары. Гемодинамика. Диагностика. Емдеу тәсілдері. Хирургиялық емдеуге көрсеткіштер. Өкпе клапанының ақаулары. Гемодинамика. Диагностика. Емдеу тәсілдері. Хирургиялық емдеуге көрсеткіштер.				
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Жүрек клапандарының ақаулары кезіндегі гемодинамикалық бұзылыстар	Жүрек клапандарының ақаулары кезіндегі гемодинамикалық бұзылыстар. Систолалық және диастолалық дисфункция механизмдері. Патологиялық тондар мен жүрек шуын анықтау. Жүрек-қантамыр патологиясы бар пациенттердің кардиологиялық және кардиологиялық емес операцияларына операция алдындағы тексеру және дайындық жүргізу.	ОН 1 ОН 2	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
11	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Жүрек ырғақтары мен өткізгіштіктерінің бұзылыстары	Диагностика пен өткізгіштіктің бұзылуының диагностикалық критерийі (жүрекшелердің дірілі және жыбыры, синус аритмиясы, суправентрикулярлық тахикардия, қарыншалық тахикардия және қарыншалық фириляция, WPW-қатысты тахикардиялар). Клиникалық жіктеу. Жүрек ырғақтары мен өткізгіштіктерінің бұзылыстарының ЭКГ-диагностикасы. Қарыншалық тахикардияны жедел емдеу бойынша ұсыныстар. Жүрек ырғағы бұзылыстары синдромдарын анықтау. Пароксизмальді ырғақ бұзылыстарында көрсетілетін көмек.	ОН 2 ОН 4	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Амбулаториялық деңгейде жүрекшелік фибрилляцияны емдеу тактикасы	Антиаритмиялық препараттар – жақында дамыған ЖФ (48 сағаттан аз) кезінде синустық ырғақты (дәрілік кардиоверсия) қалпына келтіруге арналған. Кардиоверсия жүргізу кезінде ТЭ алдын алуға арналған антикоагулянттар. Кейіннен ұзақ қабылдау үшін ТЭ алдын алуға арналған антикоагулянттар. Тиімді кардиоверсиядан кейін жүрек соғу жиілігін бақылауға арналған аритмияға қарсы препараттар. Емдеу тиімділігінің көрсеткіштері және пациенттерді	ОН 3 ОН 4	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау

		динамикалық бақылау.			оқыту - RBL	парағы
12	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Жүрекшелік фибрилляция диагностикасы және емі	Жүрекшелік фибрилляцияның ЭКГ диагностикасы. Ырғақ пен өткізгіштік бұзылыстарының себептерін нақтылауға арналған зертханалық және аспаптық зерттеу әдістері және зерттеу нәтижелерін түсіндіру. Жүрекшелер фибрилляциясының тұрақты және пароксизмальды формасы бар науқастарды басқару ерекшеліктері. WPW синдромы фондында дамыған ЖФ кезіндегі аритмияға қарсы препараттарды таңдау. Аритмияның кейбір түрлерінде рефлекторлық тітіркену әдістері: вагус орталықтарының тітіркенуі, синокаротидті аймақтың массажы, Вальсальва сынағасы. Қарыншалық тахикардиядағы катетерлік радиожилікті абляция бойынша ұсыныстар. Пациенттермен және әріптестермен тиімді байланыс.	ОН 2 ОН 4	4	Стандартталған науқас	Бағалау парақтары
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Өткізгіштік бұзылыстарының әртүрлі түрлерін емдеу әдістерін таңдау.	Өткізгіштік бұзылыстарының түрлері мен себептері. Өткізгіштік бұзылыстарының әртүрлі түрлерін емдеу әдістерін таңдау. Жүректің "жоғары" және "төмен" блокадаларын анықтаудың мәні, жасанды ырғақ жүргізушісін имплантациялау көрсеткіштері (тұрақты және уақытша).	ОН 3 ОН 4	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
13	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі	Қарыншалардың систолалық және диастолалық дисфункциясының механизмдері. Диагностика және дифференциалды диагностика. СЖЖ белгілері мен кезеңдерін анықтау. Емдеу. Жүрек жеткіліксіздігінің дәрілік емес емі. Негізгі патологиялық процесті және жүрек жеткіліксіздігінің сатысын ескере отырып, медициналық тактиканың ерекшеліктері. СЖЖ бар науқастарды диспансерлеу. Терапевт дәрігердің пациенттермен, олардың отбасы мүшелерімен және әріптестерімен ауруды бақылау бағдарламасын енгізу кезінде тиімді өзара қарым-қатынас жасай алуы.	ОН 1 ОН 3	4	Науқасты тақырыптық талдау, науқас ЭКГ-н талдау	Бағалау парақтары бойынша
	ОБӨЖ	Пароксизмальді қарыншаустілік тахикардия пароксизмі	ОН 3	1/6	ОБӨЖ:	Критериальді

	БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: СЖЖ фонындағы әртүрлі аритмиялар кезіндегі аритмияға қарсы терапия	кезінде дәрілік заттарды енгізудің тиімділігі мен тәртібі. Пароксизмальді қарыншаустілік тахикардия үшін аритмияға қарсы қолдау терапиясы. Пароксизмальді қарыншаустілік тахикардия үшін профилактикалық антиаритмиялық терапияны тағайындау бойынша ұсыныстар (ACC/АНА/ESC, 2003). Аномальды синус тахикардиясын емдеу бойынша ұсыныстар (клиникалық электрофизиология, аритмология және кардиостимуляция мамандарының бүкілресейлік ғылыми қоғамының ұсыныстары, 2011 ж.). Радиожиліктегі абляция бойынша ұсыныстар.	ОН 4		ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
14	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі	ЖЖ классификациясы. АНА/ACC кезеңдері және NYHA ФК бойынша ЖЖ жіктелуі. СЖЖ диагностикалық алгоритмі. СЖЖ-дегі клиникалық-зертханалық және аспаптық зерттеу әдістері. СЖЖ-не күдікті барлық науқастар үшін ұсынылатын диагностикалық сынақтар. Тәуекелдің алдын алу, бастапқы диагностикасы және стратификациясы үшін биомаркерлерді қолдану бойынша ұсыныстар (натриуретикалық пептид деңгейі жоғарылауы). ФК анықтау үшін 6 минуттық жаяу жүру сынамасы.	ОН 1 ОН 2	4	Науқасты тақырыптық талдау, науқас ЭКГ-н талдау	Бағалау парақтары бойынша
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Амбулаториялық деңгейде СЖЖ бар науқастарды емдеу тактикасы	Дәрілік емес емдеу. СЖЖ алдын алу бойынша ұсыныстар. В кезеңінде бақылау бойынша ұсыныстар: СЖЖ алдындағы кезеңдегі емделушілерде СЖЖ клиникасы дамуының алдын алу. Лақтыру фракциясы сақталған СЖЖ кезіндегі дәрі-дәрмек терапиясының принциптері. Лақтыру фракциясы төмендеген (сол қарынша лақтыру фракциясы $\leq 40\%$), систолалық жеткіліксіздік анықталған NYHA бойынша II–IV класты СЖЖ бар жекелеген пациенттерде қолданылатын қосымша дәрілік терапия (немесе дәрілік комбинациялар). Емдеу тиімділігінің көрсеткіштері	ОН 3 ОН 4	2/5	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критерияльді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау Парағы
15	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Кардиологиядағы шұғыл көмек	Ересек жастағы кардиологиялық науқастарға шұғыл және жедел білікті медициналық көмек: ангиналық статус, кардиогеңдік шок, синкопальды жағдайлар, гипертониялық криздер, клиникалық өлім. Жүрек-өкпе реанимациясы. Электрлік дефибрилляция. Вагус	ОН 1 ОН 4	4	Науқасты тақырыптық талдау, науқас ЭКГ-н талдау	Бағалау парақтары бойынша

		орталықтарының рефлекторлық тітіркену әдістері; синокаротидті аймақтың массажи, Вальсальва сынаамасы, "сүңгуір ит", көз алмасына қысым.				
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Гипертензивтік криздер кезіндегі жедел көмек алгоритмі	Гипертензиялық криздерде жедел көмек. Гипертензиялық криздер жіктелуі. Гипертензиялық криздердің асқынуы. Асқынбаған гипертензиялық криздердің диагностикалық критерийлері. Амбулаториялық деңгейде асқынбаған гипертензиялық криздер кезінде шұғыл көмек көрсету принциптері: жоғары систолалық қан қысымы мен тахикардия үйлескен кезде; диастолалық қан қысымының басым жоғарылауымен немесе систолалық қан қысымы мен диастолалық қан қысымының біркелкі жоғарылауымен. Жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызуға арналған көрсеткіштер.	ОН 3 ОН 4	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
16	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Кардиологиядағы зертханалық-аспаптық зерттеу әдістері	Кардиологиядағы зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің көрсеткіштері мен диагностикалық мәні. Науқастарды басқарудың және емдеуді бақылаудың оңтайлы жеке тактикасын таңдау үшін гемодинамикалық көрсеткіштерді (жүрек индексі, сол жақ қарыншаның лақтыру фракциясы, орталық веноздық қысым, өкпе артериясының кептелу қысымы, қан қысымы) анықтау және бағалау. Визуализациялау әдістерінің нәтижелерін түсіндіру (коронарография, эхокардиография, миокард скантинграфиясы; магистральды және перифериялық тамырлардың УДЗ; МРТ, КТ, іш қуысының ультрадыбыстық зерттеуі). Гемостаз жүйесіндегі бұзылуларды түсіндіру. Гиперферментемияны анықтау; гиперлипидемия; гипергликемия, инсулинге төзімділік, электролиттік бұзылыстар. Гиперлипопротеинемия түрін анықтау; көмірсуларға төзімділіктің бұзылуы, натриуретикалық пептид деңгейінің жоғарылауы, D-димерді анықтау. Қанның иммунологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру.	ОН 1 ОН 2	4	Науқасты тақырыптық талдау, науқас ЭКГ-н талдау	Бағалау парақтары бойынша
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы.	Холтер бойынша ЭКГ-ны ұзақ уақыт мониторинг, электрофизиологиялық зерттеу, жүректің	ОН 1 ОН 2	2/5	ОБӨЖ: ЖТД	Критериальді Бағалау

	Тақырып: Ұзақ уақыт ЭКГ арқылы мониторлеу және функционалдық сынамалардың нәтижелерін түсіндіру	трансэзофагеальді электрлік стимуляциясы, қан қысымының күнделікті мониторингі, велоэргометрия, тредмил, вентрикулография, жүрек және өкпе қуыстарын катетеризациялау, перикард қуысы мен плевра пункциясы нәтижелерін түсіндіру; функционалдық жүктеме сынақтары.			бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
17	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Терапевт-дәрігер практикасындағы кардиологиядағы заманауи фармакотерапия	Кардиологияда қолданылатын қазіргі заманғы дәрілік заттардың жіктелуі, фармакодинамикасы, әсер ету механизмдері, көрсетілімдері және қарсы көрсетілімдері. Препараттардың жанама әсерлері: антиангинальды, аритмияға қарсы, гипотензивті, гиполипидемиялық, СЖЖ емдеуге арналған препараттар, перифериялық қан айналымына және веноздық қан айналымына әсер ететін препараттар	ОН 1 ОН 3	5	Науқасты тақырыптық талдау, науқас ЭКГ-н талдау	Бағалау парақтары бойынша
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Кардиологияда қолданылатын дәрілік препараттардың өзара әрекеттесуі.	Өртүрлі жүрек ауруларында қолданылатын препараттардың өзара әрекеттесуі. Кардиологиялық тәжірибеде қолданылатын препараттардың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. Терапевтік тәжірибеде кардиологиялық науқастарға дәрі-дәрмектерді негізсіз тағайындау мен қателіктер.	ОН 1 ОН 3	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критерияльді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
Аралық бақылау-2:			Тестілеу			
Аралық аттестацияға дайындау және жүргізу			(пәнге берілген жалпы сағат санынан 10%) – 21 сағат			
9.	Оқыту және бағалау әдістері:					
9.1	Дәріс	-				
9.2	Тәжірибелік сабақ	Науқасты тақырыптық талдау. Стандартталған науқас				
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу. Жобаға бағытталған оқыту әдісі. БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL				

9.4	Аралық бақылау	Тестілеу
10.		Бағалау критерийлері
10.1		Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері
№ ОН		
ОН 1	Оқыту нәтижелері аталуы	
	ОН 1	Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектердің ең көп таралған гастроэнтерологиялық ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алу бойынша білімдерін көрсетеді
	Өте жақсы	Ересектердің ең көп таралған кардиологиялық ауруларын диагностикалау және дифференциалды диагностикалау алгоритмдерін қолдану дағдыларын меңгерген. Пациенттердің шағымдары мен анамнестикалық деректерін толық көлемде жинайды, объективті тексерулерді анық және дәйекті жүргізеді, амбулаториялық деңгейде тексерудің толық тізбесін сақтай отырып, клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностикалық зерттеулер жоспарын жасайды. Ғылыми мәліметтер базасынан алынған білімді қолданады.
	Жақсы	Ересектердің ең көп таралған кардиологиялық ауруларын диагностикалау және дифференциалды диагностикалау алгоритмдерін қолдану дағдыларын меңгерген. Пациенттердің шағымдары мен анамнестикалық деректерін толық жинайды, бірақ объективті тексерулер жүргізу кезінде дәйектілікті сақтамайды, амбулаториялық деңгейдегі тексеру тізімдері бойынша клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностикалық зерттеулер жоспарын жасайды, бірақ кейбір зерттеулерді ескермейді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және клиникалық хаттамаларды қолданады
	Қанағаттанарлық	Ересектердің ең көп таралған кардиологиялық ауруларын диагностикалау және дифференциалды диагностикалау алгоритмдерін қолдану дағдыларын толық меңгермеген. Толық емес көлемде пациенттердің шағымдары мен анамнестикалық деректерін жинайды, объективті тексерулер жүргізу кезінде бірізділікті сақтамайды, клиникалық хаттамаларда көрсетілген ұсынымдарды сақтамайды. Силлабуста ұсынылған клиникалық хаттамалар мен әдебиеттермен толық жұмыс істемеген
	Қанағаттанарлықсыз	Ересектердегі ең көп таралған кардиологиялық ауруларын диагностикалау және дифференциалды диагностикалау алгоритмдерін қолдану дағдыларын меңгермеген. Пациенттердің шағымдары мен анамнестикалық деректерін жинау кезінде өрескел қателіктер жібереді, объективті тексерулер жүргізу кезінде бірізділікті сақтамайды және клиникалық хаттамаларға сәйкес тексеру жоспарын қалай жасау керектігін білмейді. Силлабуста ұсынылған клиникалық хаттамалар мен әдебиеттермен жұмыс істемеген.
	ОН2	Клиникалық диагноз қою үшін зерттеу жоспарын әзірлейді және зертханалық-аспаптық зерттеулердің нәтижелерін бағалайды.
	Өте жақсы	Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектер арасында ең көп таралған кардиологиялық аурулары бар пациенттерді тексеру жоспарын жасау, амбулаториялық деңгейде тексерудің толық тізбесін сақтау және қазіргі ғылыми деректерді ескере отырып, олардың тағайындалуын негіздеу дағдыларын меңгерген. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектердің ең көп таралған кардиологиялық ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алу бойынша білімдерін көрсетеді және олардың клиникалық маңыздылығын түсіндіре алады. Ғылыми мәліметтер базасынан алынған білімді қолданады.
	Жақсы	Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектер арасында ең көп таралған кардиологиялық аурулары бар пациенттерді тексеру жоспарын жасау дағдыларын меңгерген, амбулаториялық деңгейде тексерудің толық тізбесін сақтамайды және оларды тағайындауды негіздеу кезінде қиындық сезінеді. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін және олардың клиникалық маңыздылығын түсіндіру қабілетін көрсету кезінде принципіалды емес қателіктер жібереді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және клиникалық хаттамаларды қолданады
	Қанағаттанарлық	Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектер арасында ең көп таралған кардиологиялық аурулары бар пациенттерді тексеру жоспарын

	жасау дағдыларын нашар меңгерген, амбулаториялық деңгейде тексерудің толық тізбесін сақтамайды, олардың тағайындалуын негіздей алмайды. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін түсіндіру кезінде өрескел қателіктер жібереді және олардың клиникалық маңыздылығын түсіндіре алмайды. Силлабуста ұсынылған клиникалық хаттамалар мен әдебиеттермен толық жұмыс істемеген.
Қанағаттанарлықсыз	Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектер арасында ең көп таралған кардиологиялық аурулары бар пациенттерді тексеру жоспарын жасау, амбулаториялық деңгейде тексерудің толық тізбесін сақтау және қазіргі ғылыми деректерді ескере отырып, олардың тағайындалуын негіздеу дағдыларын меңгермеген. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін түсіндіре алмайды. Силлабуста ұсынылған клиникалық хаттамалар мен әдебиеттермен жұмыс істемеген.
ОН 3	Кардиологиялық науқастарды емдеу, алдын алу, оңалту жоспарын әзірлеу дағдыларын қолданады және фармакокинетикасы мен медициналық көмек көрсету стандарттарына, клиникалық ұсынымдарға сәйкес әртүрлі топтағы препараттардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, дәрілік препараттарды таңдауды негіздейді
Өте жақсы	Ересектердің ең кең таралған кардиологиялық аурулары кезінде емдеу және алдын алу жоспарын жасауда білімді қолданады. Емдеу және алдын алу жоспарын әзірлеу кезінде барлық талаптарды, науқастың жеке ерекшеліктерін, дәрі-дәрмектердің көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін ескереді, клиникалық хаттамаларда көрсетілген барлық талаптарды дәлдікпен және толық көлемде сақтайды. Әр түрлі топтағы препараттардың олардың комбинацияларымен өзара әрекеттесуін ескереді. Ғылыми мәліметтер базасынан алынған білімді қолданады.
Жақсы	Ересектердің ең кең таралған кардиологиялық аурулары кезінде емдеу және алдын алу жоспарын жасауда білімді қолданады. Емдеу және алдын алу жоспарын әзірлеу кезінде интерннің өзі түзететін негізгі емес қателіктер орын алады, пациенттің барлық жеке ерекшеліктерін, дәрілік препараттардың көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдерін толық ескермейді, клиникалық хаттамаларда көрсетілген талаптарды толық сақтамайды. Әр түрлі топтағы препараттардың олардың комбинацияларымен өзара әрекеттесуін ескереді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және клиникалық хаттамаларды қолданады
Қанағаттанарлық	Ересектердегі ең көп таралған кардиологиялық ауруларды емдеу және алдын алу жоспарын әзірлеу кезінде дәлсіздіктерге жол береді, пациенттің барлық жеке ерекшеліктерін, дәрілік препараттардың көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдерін толық ескермейді, клиникалық хаттамаларда көрсетілген талаптарды ұстанбайды. Әр түрлі топтағы препараттардың өзара әрекеттесуін олардың комбинациясы кезінде толық ескермейді. Силлабуста ұсынылған клиникалық хаттамалар мен әдебиеттермен толық жұмыс істемеген.
Қанағаттанарлықсыз	Ересектердегі ең көп таралған кардиологиялық ауруларды емдеу және алдын алу жоспарын әзірлеу кезінде өрескел қателіктер жібереді, пациенттің барлық жеке ерекшеліктерін, дәрілік препараттардың көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдерін ескермейді, клиникалық хаттамаларда көрсетілген талаптарды ұстанбайды. Әр түрлі топтағы препараттардың олардың комбинациясы кезінде өзара әрекеттесуін білмейді. Силлабуста ұсынылған клиникалық хаттамалар мен әдебиеттермен жұмыс істемеген.
ОН 4	Ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету кезінде шешім қабылдайды
Өте жақсы	Дәлдікпен, толық көлемде, пациенттердің жағдайын бағалау кезінде дәйекті түрде тексеру жүргізеді және көмек көрсету тактикасын дұрыс анықтайды. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету алгоритмдерін пайдалану дағдыларын толық меңгерген. Көрсетілген іс-шаралардың тиімділігін бағалай алады және көмек көрсетілгеннен кейін пациенттердің функционалдық жағдайына дұрыс мониторинг жүргізеді. Ғылыми мәліметтер базасынан алынған білімді қолданады.
Жақсы	Пациенттердің жағдайын бағалау кезінде толық тексеру жүргізеді, бірақ тексеру тәртібін толық сақтамайды. Көмек көрсету тактикасын

	<p>дұрыс анықтайды. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету алгоритмдерін пайдалану дағдыларын толық меңгерген. Көрсетілген іс-шаралардың тиімділігін бағалау кезінде интерн өзі түзететін қағидаттық емес қателіктерге жол береді. Көмек көрсетілгеннен кейін пациенттердің функционалдық жағдайына дұрыс мониторинг жүргізеді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және клиникалық хаттамаларды қолданады.</p>
Қанағаттанарлық	<p>Пациенттердің жағдайын бағалау кезінде толық емес және дәйекті емес тексеру жүргізеді және көмек көрсету тактикасын анықтау кезінде дәлсіздіктерге жол береді. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету алгоритмдерін пайдалану кезінде қателіктер жібереді. Көрсетілген іс-шаралардың тиімділігін бағалау дағдыларын жеткілікті меңгермеген. Көмек көрсетілгеннен кейін пациенттердің функционалдық жағдайына дұрыс мониторинг жүргізеді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттер мен клиникалық хаттамалармен толық жұмыс істемеген.</p>
Қанағаттанарлықсыз	<p>Пациенттердің жағдайын бағалау кезінде тексеру жүргізу дағдыларына меңгермеген және көмек көрсету тактикасын анықтай алмайды. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету алгоритмдерін пайдалану кезінде өрескел қателіктер жібереді. Көрсетілген іс-шаралардың тиімділігін бағалау дағдыларын меңгермеген. Силлабуста ұсынылған әдебиеттер мен клиникалық хаттамалармен жұмыс істемеген.</p>
ОН 5	<p>АГ және ХСН бойынша ауруларды басқару бағдарламасы шеңберінде пациенттердің жай-күйін кешенді бағалау және динамикалық бақылау кезінде пациенттермен, олардың отбасы мүшелерімен және әріптестерімен тиімді өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын қолданады, кардиологиялық науқастардың еңбекке қабілеттілігін және жұмысқа жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалтуға сараптама жүргізуге қатысады.</p>
Өте жақсы	<p>Жұмысқа қабілеттілігі мен кәсіптік жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалту сараптамасын жүргізу үшін кардиологиялық пациенттердің тіршілік ету қабілеті шектелуінің күйі мен дәрежесін кешенді бағалау кезінде коммуникативтік дағдыларды толық көлемде меңгерген. Науқастың мәселесін шешуде пациенттің отбасы мүшелерімен және әріптестерімен тиімді қарым-қатынас орнатады. Оңалту іс-шараларын таңдау және оңалту нәтижесін бағалау кезінде тиімді коммуникация бойынша білімін пайдаланады. Жалпы кардиологиялық аурулары бар науқастарды скринингтік зерттеулер жүргізу, диспансерлеу, оңалту және АГ және СЖЖ бойынша ауруларды басқару бағдарламасын енгізу дағдыларын қолданады. Жүргізілген скринингтік зерттеулер мен алдын алу шараларының тиімділігін бағалау критерийлері туралы білімдерін дәлдікпен және толық көлемде көрсетеді және оларды тәжірибеде қолдана алады. АГ және СЖЖ бар науқастарда ауруды басқару бағдарламаларының және бұл бағдарламаға кірмейтін осындай диагноздары бар науқастарды диспансерлік бақылаудың тиімділігін салыстырмалы тұрғыда бағалау. Коммуникативтік дағдыларды толық меңгерген. Кардиологиялық науқастардың еңбекке қабілеттілігін және жұмысқа жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалту критерийлерін анықтай алады. Ғылыми мәліметтер базасынан алынған білімді қолданады</p>
Жақсы	<p>Жіі таралған кардиологиялық ауруларды анықтау бойынша скринингтік зерттеулер, диспансерлеу, оңалту жүргізу дағдыларын қолданады, бірақ АГ және СЖЖ бойынша ауруларды басқару бағдарламасын енгізу дағдыларын жеткіліксіз меңгерген. Жүргізілген скринингтік зерттеулер мен алдын алу шараларының тиімділігін бағалау критерийлерін білуде дәлсіздіктерге жол береді, оларды практикада пайдалану кезінде қиындықтар сезінеді. Кардиологиялық науқастардың жұмысқа қабілеттілігі және кәсіби жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалту критерийлерін айқындау кезінде, АГ және СЖЖ бар науқастарда және осындай диагноздары бар диспансерлік науқастарда СЖЖ тиімділігіне салыстырмалы бағалау жүргізуде қағидаттық емес қателіктерге жол береді. Пациенттермен қарым-қатынас кезінде коммуникативтік дағдыларының кейбір элементтерін сақтамайды. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қолданады.</p>

Қанағаттанарлық	Жиі таралған кардиологиялық ауруларды анықтау бойыншы скринингтік зерттеулер жүргізу, диспансерлеу, оңалту дағдыларын жетік меңгермеген, АГ және СЖЖ бойынша ауруларды басқару бағдарламасын енгізу дағдыларын меңгермеген. Жүргізілген скринингтік зерттеулер мен алдын алу шараларының тиімділігін бағалау критерийлерін анықтау кезінде қателіктер жібереді, оларды тәжірибеде қолдана алмайды. Пациенттермен қарым-қатынас кезінде коммуникативтік дағдыларының маңызды элементтерін сақтамайды, кардиологиялық науқастардың жұмысқа қабілеттілігін және кәсіби жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалту критерийлерін анықтауда қиындықтар сезінеді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттермен толық жұмыс істемеген.
Қанағаттанарлықсыз	Жиі таралған кардиологиялық ауруларды анықтау бойыншы скринингтік зерттеулер, диспансерлеу, оңалту жүргізу дағдыларын меңгермеген, АГ және СЖЖ бойынша ауруларды басқару бағдарламасын енгізу бойынша дағдылары жоқ. Жүргізілген скринингтік зерттеулер мен алдын алу шараларының тиімділігін бағалау критерийлерін анықтау кезінде өрескел қателіктер жібереді. Коммуникативтік дағдыларды нашар меңгерген, кардиологиялық науқастардың жұмысқа қабілеттілігін және кәсіби жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалту критерийлерін анықтау критерийлерін білмейді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттермен жұмыс істемеген.
ОН6	Медициналық ақпаратты талдау, оқыту және клиникалық тәжірибені жетілдіру үшін заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын (соның ішінде шешімдерді қолдау жүйелері мен ChatGPT) қолданады, Денсаулық сақтауда ақпараттық технологияларды қолдануға қабілетті, заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес медициналық құжаттаманы жүргізу дағдыларын қолданады, аналитикалық және зерттеушілік тәсілдерді қолдана отырып клиникалық талқылауларға және пәнаралық консилиумдарға қатысады.
Өте жақсы	Техникалық сауаттылық, озық деңгей, шешімдерді қолдау үшін әртүрлі цифрлық жүйелерден (ЭӘК, зертханалық нәтижелер, зерттеу базалары) деректерді біріктіреді; науқастар мәселелері бойынша емханалық деңгейде денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйесімен жұмыс істеу кезінде және медициналық құжаттаманы, оның ішінде электрондық құжаттарды ресімдеу кезінде дұрыс қолданады. ЖИ нәтижелерін сыни түсіндіру: деректердің белгілі бір пациентке қолданылуын бағалайды, ЖИ талдауының шектеулерін анықтайды, клиникалық тәжірибемен біріктіреді; клиникалық тәжірибені жетілдіру: клиникалық тәжірибені жетілдіру: жаңа тәжірибелерді әзірлейді және енгізеді; клиникалық жұмыс формалары: нәтижені болжау үшін ЖИ қолдану, терапияның тиімділігін бағалау үшін үлкен деректерді талдау, пациенттердің маршруттауын оңтайландыру, жеке емдеу жоспарларын қалыптастыру; байланыс және оқыту: ЖИ көмегімен оқыту жағдайларын әзірлейді, басқа интерндерді оқытады, технологияларды жауапкершілікпен пайдалану мәдениетін қалыптастырады
